

**2020-2021 оқу жылына арналған №7 «Ботақан» мектепалды даярлық тобының «Тіл тұмар» вариативтік компонентіне**  
**Түсінік хаты**

Балабақшаның мектепалды даярлау топтарына арналған «Тіл дамыту» таңдау пәнінің бағдарламасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сонымен қатар ҚР Президентінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі №110 бұйрығына сәйкес ҚР-дағы 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес 36 сағат көлемінде әзірленген.

**Бағдарламаның басты мақсаты:**

Тәрбиеленушілерге сапалы білім, саналы тәрбие беру. Сол арқылы олардың бойында ана тіліне деген қызығушылығын ояту, ұлттық салт-дәстүрімізді дарыту, жас ерекшеліктеріне сай ауыз әдебиеті үлгілерін оқуға, жаттауға, мәнерлеп айтуға деген ынтасын арттыру.

**Міндеттері:**

- «Тіл дамыту» таңдау пәнінің мазмұнын терең меңгертіп, әр сөздің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін жан-жақты түсіндіре отырып, сөз сырына бойлату арқылы тәрбиеленушінің сөздік қорын, танымдық дүниесін, өзіндік көзқарасын қалыптастыру;

- пәннің мазмұнын, ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін және тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық көкжиегін кеңейту;

- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының бірінші деңгейін тілдік қатынастың ауызша іс-әрекеті арқылы рет-ретімен жүйелі үйретіп, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сай дұрыс айту дағдысын бір жүйеге түсіру;

- ана тілі негізінде екінші, үшінші тілдерді меңгерудің негізін қалау;

- дыбыстау мүшелерінің қозғалысын интерактивті тақта, сикырлы қалам, әуенді кесте және дыбыстауға құрылған киіз үй арқылы бейнелі түрде көрсету;

- тәрбиеленушілердің логикалық ойлау жүйесін дамыту мақсатында түрлі сөзжұмбақтар, танымдық, ұлттық ойын үлгілерін кеңінен қолдану және ондай ойындарды олардың өзіне құрастыртып, жасауына бағыт-бағдар беру;

- түрлі шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы балаларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу;

- ҚР Кіші ғылым академиясының балабақша ішінде, қалалық және республикалық ауызша командалық олимпиадаларында өз ойларын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр баланың өз ана тілінің құдіретін басқаларға таныта, бағалай білуге баулу.

### **Бағдарламаның ерекшеліктері:**

- бағдарлама Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы негізінде жасалған;
- мектепалды даярлау топтарында аталмыш технология бойынша дыбыстар жүйесін ғылыми негізде сөйлесім әрекеті арқылы терең меңгерту мақсаты көзделген.

### **Төмендегідей нәтижеге қол жеткізеді:**

- тіл дыбыстарын терең ғылыми негізде меңгерген шын мәніндегі тіл жанашырлары тәрбиеленеді;
- тілдік қатынастың сөйлесім әрекеттері жоғары деңгейде дамиды;
- рухы биік, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін елжанды, сөйлеу мәдениеті жоғары парасат иесі, жеке тұлға тәрбиеленеді;
- түрлі жаттығу жұмыстары арқылы өз ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойларына сіңірген, ұлттық тұлға қалыптасады;
- тәрбиеші, бала, ата-аналар арасындағы әріптестік қарым-қатынас үлкен шығармашылыққа ұласады;
- балабақшаішілік зияткерлік марафондар мен сайыстарға, қалалық, республикалық ауызша командалық олимпиадаларға қатысады;
- түрлі тақырыптарда өтетін шығармашылық байқауларды өздіктерінен жүргізуге машықтанады.

### **КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР**

<b>№</b>	<b>Өтілетін тақырыптар</b>	<b>Сағат саны</b>
1	А дыбысы. Ана. Ата. Аға.	1
2	Абай Құнанбаев (өлеңге талдау).	2
3	Ә дыбысы. Әке. Әже. Әлди.	1
4	Б дыбысы. Баба. Бөле. Бауыр. Бесікке салу. Бесік жыры.	1
5	Г дыбысы. Гүл. Газет.	1
6	Ғ дыбысы. Ғалым. Ғарыш.	1
7	Д дыбысы. Дос. Домбыра.	1

8	Е дыбысы. Ел. Емен.	1
9	Ж дыбысы. Жеңге. Жиен. Жеміс. Жаз. Жел.	2
10	З дыбысы. Зымыран. Зебра.	1
11	К дыбысы. Көке. Кітап. Күнделік. Көктем. Көлік.	1
12	Қ дыбысы. Қарындас. Қалам. Қыс. Бала бойындағы қасиеттер.	2
13	Л дыбысы. Лақ. Лагерь.	1
14	М дыбысы. Мектеп. Мұғалім. Мұражай. Мереке. Төрт түлік мал.	2
15	Н дыбысы. Нағашы. Нан. Наубайхана.	1
16	О дыбысы. Отан. Отбасы.	1
17	Ө дыбысы. Өрнек. Өрмекші.	1
18	Р дыбысы. Рамазан айы. Рахым.	1
19	П дыбысы. Парта. Портфолио.	1
20	Т дыбысы. Тақта. Табиғат. Тұсау кесер. Тілашар.	1
21	Ы дыбысы. Ыбырай Алтынсарин (әңгімеге талдау). Ырымдар мен тыйымдар.	2
22	І дыбысы. Іні. Ізет.	1
23	С дыбысы. Сағат. Салт-дәстүрлер.	1
24	Ү дыбысы. Үй. Үміт.	1
25	Ұ дыбысы. Ұл. Ұлт. Ұрпақ.	2
26	Ш дыбысы. Шабыт. Шаршы. Шар.	2
27	Жыл бойы өткенді қайталау.	2
	<b>Барлығы</b>	<b>36</b>